

Анықтама

Қазан айында мектепте 7 сынып оқушыларының ата-әжелерін – «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» клубының мүшелерін - қонаққа шақырып, «Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дарыту, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Іс-шара барысында қазақ халқының ежелден келе жатқан өзіндік орны бар дәстүрінің бірі бата берудің түрлерімен таныстырылды.

Кездесуге келген ата, әжелер немере, шөберелеріне отбасы тәрбиесіндегі салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар, бата беру, әулет тарихын білу – оны ұрпақтан ұрпаққа мирас етудің маңызы жайлы, өмірден түйген, білгендерін өнеге ретінде айтып, ұлттың құнды тәлім-тәрбиелік мұраларын жас ұрпаққа насихаттады. Бағы заманнан жібі үзілмей келе жатқан ұлттың рухани құндылықтарын сіңірген қарттарымыз - аталық және әжелік міндеттерін сезініп, «Даналық мектебінің» жұмысына осылайша белсене араласуда. Ал оқушылар өздерінің тарапынан шағын концерттік бағдарламаларын көрсетті. Әншілеріміз ән айтып, күйшілеріміз күй тартудан жасқанбады. Мектеп өмірінен алынған көріністі тамашалаған қарияларымыз балаша қуанып, оқушылардың өнеріне, ниеттері мен ыстық пейілдеріне, ақ тілектеріне риза болып, балаларына ақ баталарын берді.

